

Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу және қарau ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 17 наурыздағы № 87-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылды 15 сәуірде N 6174 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 496 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.11.29 № 496 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

«Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 6-бабы 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу және қарau ережесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты жұмыспен қамту және көші-қоны департаменті заннамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. «Босқын мәртебесін беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 20 қарашадағы № 273-ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5143 тіркелген, 2008 жылғы 7 наурыздағы № 36 «Юридическая газета» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | | |
|---|--|-------------------------------------|
| Министр Қазақстан Еңбек корғау | Г. Әбдіқалықова Республикасы және министрінің | халықты әлеуметтік |
|---|--|-------------------------------------|

Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу және қарau ережесі**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу және қарau ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі – Зан) сәйкес әзірленді және пана іздең адамдардың өтінішхаттарын, босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу және қарau тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өтінішхат – пана іздең адамның тікелей өзі немесе осыған уәкілетті өкілі арқылы жазған өзінің келген жері бойынша босқын мәртебесін беру туралы уәкілетті органға жазбаша өтініш;

2) пана іздең адам – уәкілетті орган босқын мәртебесін беру туралы өздерінің өтінішхаты бойынша түпкілікті шешім қабылдағанға дейін Қазақстан Республикасында пана сұрауға тілек білдірген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

3) пана іздең адамның күелігі (бұдан әрі – күелік) – босқын мәртебесін беру туралы өтінішхаттың тіркелуін растайтын, уәкілетті орган беретін құжат;

4) пана іздең адамның отбасы мүшелері – жұбайы (зайыбы), олардың кәмелеттік жасқа толмаған балалары және оның асыраудағы басқа адамдар;

5) уәкілетті орган – босқындар мәселелері бойынша қатынастарды реттеу саласында басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. Егер пана іздең адам Қазақстан Республикасының аумағына әлі келмеген болса, ол жазбаша өтінішхатпен өзі немесе осыған уәкілетті өкіл арқылы босқын мәртебесін беру туралы Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне жүгінеді.

4. Пана іздең адам Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан мәжбүрлі заңсыз өткен кезде, өтінішхат уәкілетті органның аумактық бөлімшесіне осы адамның Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өткен күнінен бастап бір тәулік ішінде беріледі.

Осы адамға байланыссыз, өтінішхатпен уақтылы жүгінуге кедергі келтіретін мән-жайлар болған кезде, жүгіну мерзімі бір тәуліктен артық, бірақ туындаған мән-жайлардың әрекет ету кезеңінен аспайтында болуы мүмкін.

5. Пана іздең адам Қазақстан Республикасының аумағына келісімен

құнтізбелік бес қүннің ішінде немесе өзі Қазақстан Республикасының аумағында болып, нәсілдік, ұлттық, діни сенім, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси науыны бойынша қудалауға ұшырау жағдайларының туындауы туралы білген кезден бастап, жазбаша өтінішхатпен өзі немесе осыған уәкілетті өкіл арқылы өзінің келген жері бойынша босқын мәртебесін беру туралы уәкілетті органның облыстық, республикалық маңызы бар қалалық және астаналық аумақтық органына (бұдан әрі - уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі) жүгінеді.

6. Егер пана іздеген адамның атынан босқын мәртебесін беру туралы жазбаша өтінішхатпен оның заңды өкілі жүгінген болса, бұл жағдайда өтінішхатқа өкілдің уәкілеттілігін растайтын құжат қоса беріледі.

7. Мемлекеттік немесе орыс тілін жеткілікті дәрежеде білмейтін пана іздеген адам өтінішхатпен жүгінген, ал уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің не Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдық мекемесінің өтінішхатты қабылдаушы қызметкері пана іздеген адамға түсінікті тілді білмеген жағдайда, онда оны аудармашы қызметімен қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылданады.

Пана іздеген адамның өтініші бойынша пана іздеген адамның өзінің міндетті қол қоюымен, өтінішхатты уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкери толтырады.

8. Дене кемістігі немесе ауруы салдарынан өтінішхатқа өзі қол қоя алмайтын пана іздеген адам өтінішхатпен жүгінген кезде, оның тапсырмасы бойынша өзінің қатысуымен және өтінішхатты қабылдаушы лауазымды тұлғаның қатысуымен оған уәкілетті өкілі арқылы қол қоюына болады. Бұл жағдайда, лауазымды тұлға өтінішхатқа пана іздеген адамның орнына қолды уәкілетті өкілі қойғаны туралы өтінішхатқа жазба жазады, өтінішхатқа қолды өз қолымен қоя алмауының себептері, сондай-ақ уәкілетті өкілінің жеке басын куәландыратын және тұрғылықты мекенжайы көрсетілген құжаттар деректері көрсетіледі.

2. Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу тәртібі

9. Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат осы Ережеге 1-қосымшага сәйкес жазбаша нысанда ресімделеді. Өтінішхатқа пана іздеген адамның жеке басын куәландыратын немесе растайтын құжаттар, сондай-ақ өтінішхаттың негізділігін растайтын құжаттар мен материалдар бар болса, қоса беріледі.

10. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері уәкілетті органның осы аумақтық бөлімшесі орналасқан аумаққа заңды негізде келген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтуге мәжбур болған немесе Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз келген пана іздеген

адамдардың өтінішхаттарын тіркеуді жүзеге асырады.

11. Өтінішхат отбасының он сегіз жасқа толған және пана іздеген адаммен бірге келген әрбір мүшесінен қабылданады. Бір отбасы мүшелерінің өтінішхаттары бойынша материалдар бір іс қағазына ресімделеді.

Пана іздеген адамның отбасының он сегіз жасқа толмаған және пана іздеген адаммен бірге келген мүшелері туралы мәліметтер туу туралы құжаттарының негізінде ата-анасының біреуінің, ата-анасы болмаған кезде заңды өкілінің не отбасының он сегіз жасқа толған және отбасының он сегіз жасқа толмаған мүшелерін тәрбиелеуге және оларды асырауға өз еркімен міндеттеме алған бір мүшесінің өтінішхатына жазылады. Көрсетілген міндеттеме еркін нысанда жазылады және іс материалдарына қосылады.

12. Өтінішхаты тіркелген пана іздеген адамның Қазақстан Республикасына жеке келген отбасы мүшелері, оларда Заңның 1-бабының 1) тармақшасында көзделген мән-жайлар болмаған жағдайда, отбасымен қосылу мақсатында өтінішхат берген кезде отбасылық қатынастарын растайтын құжаттық дәлелдемелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы пана іздеген адамның өз отбасы мүшелерін қабылдауға келісетіні туралы өтінішін ұсынуға тиіс. Отбасын біріктіру туралы өтінішхатта пана іздеген адамның отбасы мүшелерінің өз елінен кетуі себебі ретінде: «Отбасын біріктіру» көрсетіледі.

13. Өтінішхат осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі арқылы Пана іздеген адамдарды тіркеу журналына тіркеледі, бұдан кейін пана іздеген адамға әңгімелесу өткізуудің орны мен уақыты белгіленеді. Тіркеу журналында пана іздеген адамның тегінің астында ескертпе түрінде уәкілетті өкіл туралы деректер (тегі, аты, азаматтығы, тұрғылықты мекенжайы, телефоны, оның өкілеттілігін кімнің растиғаны) көрсетіледі.

Егер пана іздеген адам өзінде жеке басын куәландыратын құжаттының жоқ екенін мәлімдесе, ол туралы мәліметтер оның айтуы бойынша жазылады және онымен әңгімелесу бір тәуліктің ішінде өткізіледі.

Өтінішхатты тіркегеннен кейін, пана іздеген адамға, куәлік және оның өтінішхаты бойынша шешім қабылдағанға дейінгі мерзімге тіркелу үшін ішкі істер органдарына жолдама беріледі.

14. Жолдама алған адам бес жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарында тіркеледі.

Куәлікке уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесінің басшысы қол қояды және мөрмен бекітіледі. Куәлік үш ай мерзімге беріледі, қосымша тексеру қажет болған кезде бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Отбасының он сегіз жасқа толмаған мүшелері туралы мәліметтер ата-анасының бірінің немесе заңды қамқоршыларының куәлігіне жазылады.

Сондай-ақ, куәлік он сегіз жасқа толмаған және Қазақстан Республикасының аумағына ата-анасынсыз немесе заңды өкілдерінсіз келген пана іздеген адамға да беріледі.

3. Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты қарау тәртібі

15. Өтінішхатты қарау рәсімі оны тіркегеннен кейін жүргізіледі және пана іздеген адаммен жеке әңгімелесу жүргізуді, осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама парагын ресімдеуді, осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пана іздеген адамды есепке алу карточкасын (бұдан әрі – есепке алу карточкасы) ресімдеуді қамтиды.

16. Пана іздеген адаммен әңгімелесуді жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкеріне уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде немесе шекаралық қызметінің арнайы орынжайында осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген түпнұсқа құжаттар мен материалдар оның қарауы үшін ұсынылады. Пана іздеген адамның жеке басын растайтын және дәлелдейтін басқа да құжаттардың көшірмесі міндettі түрде алынады. Өтінішхаттың негізділігін растайтын өзге де құжаттар мен материалдар болған жағдайда, олардың түпнұсқасы пана іздеген адамның өтінішхатына қоса беріледі. Пана іздеген адамның тілегі бойынша жеке ісіне қосу үшін көшірмесі алынғаннан кейін, олар пана іздеген адамға қайтарылуы мүмкін.

17. Пана іздеген адамның өкілі берген өтінішхатты қарау пана іздеген адамның тікелей өзі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне келгеннен кейінғана белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Пана іздеген адам денсаулық жағдайына байланысты немесе басқа дәлелді себептермен уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне әңгімелесуді жүргізуге келе алмайтын, келмеу себептері дәлелді деп танылған жағдайда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі осы адаммен әңгімелесуді тұрғылықты жері бойынша өткізуі қоса, әңгімелесу өткізуі үйымдастыру шараларын қабылдайды.

18. Әңгімелесу жеке бөлмеде, бөтен адамдар кіргізілмей өткізіледі. Пана іздеген адам мемлекеттік немесе орыс тілін білмесе, ал әңгіме жүргізуі қызметкер пана іздеген адамға түсінікті тілді білмесе, онда аудармашы шақыру туралы мәселе шешіледі. Сенімді қарым-қатынас атмосферасы үшін әңгімелесуді пана іздеген адаммен бір жынысты адам өткізеді.

19. Әңгімелесуді бастау алдында уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері өзін таныстырады, пана іздеген адамнан аудармашыға сенім білдіретіндігін нақтыладайды.

20. Пана іздеген адамға әңгімелесу нәтижесінде алынған мәліметтердің жариялауға жатпайтыны және өтініш беруші елінің билігіне не бөгде адамдарға

оның келісімінсіз берілмейтіні хабарланады.

Үәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері пана ізденген адамды қойылатын сұрақтарға толық және шынайы жауап беру қажеттігі туралы, ол жалған мәліметтерді хабарлаған не қолдан жасалған құжаттарды ұсынған жағдайда оның басына туындауы ықтимал салдар туралы ескереді. Сонымен қатар, пана ізденген адам, құжаттық растамасы бар мәліметтер мен фактілерді қоспағанда, әңгімелесуден кейін ұсынылған және бұрын айтқандарына қайшы келетін мәліметтер мен фактілердің назарға алынбайтыны туралы ескертіледі.

21. Үәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің әңгімелесуді өткізетін қызметкері пана ізденген адамға дәлелдемелерді ұсыну дұрыстырып пана ізденген адамның мойнында болатынын ескереді.

22. Әңгімелесуді өткізу кезінде үәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері пана ізденген адамға осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес сұрақтарды пана ізденген адамдарға кез келген ретпен қояды, жауаптар сол берілген нысанда ж а з ы л а д ы .

23. Тұған жері, жүру бағдары, басқа елдерде болған жері мен уақыты туралы мәліметтер міндетті болып табылады. Кудалау құрбанына айналу қаупінің дәлелі оның азamatы болып табылатын елінде немесе тұрақты тұрғылықты жерінде жауапкершілікке тартылуы туралы ресми билік, сот, полиция, прокуратура, мемлекеттік қауіпсіздік органдарының құжаттары болып табылады.

24. Әңгімелесудің соңында пана ізденген адамнан өз түсініктемесіне толықтыру үшін іске бір қатысы бар тағы да қандай да бір ақпаратының бар не жоқ екені нақтыланады және онымен қосымша әңгімелесу жүргізу мүмкіндігі т у р а л ы е ск е р т і л е д і .

25. Әңгімелесуді аяқтағаннан кейін уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері әңгімелесудің нәтижесін талдайды, пана ізденген адамнан оның айғақтамаларындағы сәйкесіздіктер немесе дәлсіздіктер бойынша түсініктеме беруін сұрайды. Оқиғалар нақты сипатталған және негізгі фактілер, күндер, адам аттары, сипатталатын оқиғалар болған жерлердің атауы көрсетілген сауалнама парагы әңгімелесу өткізу уақытында ресімделеді.

26. Сауалнама парагын ресімдегеннен кейін уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері пана ізденген адамды оның мазмұнымен тікелей өзі немесе аудармашы арқылы таныстырады. Жазбада анықталған дәлсіздіктер түзетілуге тиіс. Ресімделген сауалнама парагына аудармашы (егер әңгімелесу аудармашының көмегімен етсе), қорғаншылық және қамқоршылық органының екілі (егер ол болса), уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері және пана ізденген адам қол қояды, пана ізденген адам сауалнама парагының әр парагына қ о л қ о я д ы .

27. Қазақстан Республикасының аумағына он сегіз жасқа толмаған пана

іздеген адам ата-анасының немесе заңды өкілдерінсіз келген жағдайда, оларға уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі сауалнама жүргізеді және сауалнама парапын толтырады. Заңның 1-бабының 1) тармақшасында көзделген мән-жайлар болған жағдайда, пана іздеген бұл адамдарды Заңға сәйкес олардың құқықтық жағдайын айқындау туралы шешім қабылдағанға дейін, Қазақстан Республикасының қорғаншылық және қамқоршылық органдарына беру жөнінде

ш а р а л а р
қ а б ы л д а н а д ы .

28. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі пана іздеген адамға осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес міндettі медициналық тексеруден өтуге жолдама береді.

Пана іздеген адамдарды міндettі медициналық тексеру мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарымен өткізіледі.

Міндettі медициналық тексеруден өткіннен кейін пана іздеген адам уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне келіп, міндettі медициналық тексеруден өткіні туралы анықтама үсінады .

29. Өтінішхатпен жүгінген пана іздеген әрбір адамға есепке алу карточкасы толтырылады, ол сол адамның жеке ісінде сақталады. Кейіннен есепке алу карточкасына уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі осы адамға қатысты қабылданған барлық шешімдер туралы белгі қойып отырады және бұл туралы уәкілетті органды жедел түрде хабардар етіп отырады.

30. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері өтінішхат тіркеліп қаралғаннан кейін, пана іздеген адамды босқын мәртебесін берудің жалпы тәртібімен, сондай-ақ оның құқықтары және міндettтерімен таныстырады.

Босқын мәртебесін беру туралы
өтінішхатты тіркеу
және қаралу ережесіне
1-қосымша
Нысан
кімге

(уәкілетті органның аумақтық
басшысының
лауазымы, тегі және аты-жөні)

кімнен -----
(тегі, аты, әкесінің аты)

(қай мемлекеттің) ----- азаматы

Уақытша тұрғышының

тұрақты

тұратын

жері

(м е к е н ж а й ы)

отбасы құрамында ____ адам

Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат

Маған және менің отбасымның мүшелеріне Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беруді сұраймын. Тұратын жерімнен мына себептер бойынша кетуге мәжбүрмін:

Тұған күні және тұған жері

Азаматтығы (бұрын тұрақты тұрған елі)

Ұлты (этникалық тобы) _____
Мынадай тілдерді білемін _____
Қазақстан Республикасына келу күні _____
Занды (заңсыз) келді _____
Пана іздеген адамның жеке басын қуәландыратын құжаттар немесе жеке басын растайтын құжаттар _____

(атауы, сериясы, нөмір, қашан және кім берді)

Менімен бірге келген отбасымның мүшелері:

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Тұған күні | Туыстық дәрежесі |
|---|-------------------------|------------|------------------|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Бұдан бұрын Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатпен өтініш бердім (бермедім) _____

Егер берген болса, органды көрсетіңіз _____

_____ (өтініш беру күні) (пана іздеген адамның қолы)

Өтінішхатты
уәкілетті

қабылдаған
органның

аумақтық бөлімшесінің қызметкер _____
 (қолы) (Т.А.Ә.) (күні)
 Өтінішхатты тіркеу туралы шешім:
 Тіркелді _____
 (күні, тіркеу нөмірі, қызметкердің қолы)
 Босқын мәртебесін беру туралы
 өтінішхатты тіркеу
 және қаралу ережесіне
 2-қосымша
 Нысан

Пана іздеген адамдарды тіркеу журналы

| | | | | | | | | |
|--------------|---|--|------------|--|--|--|---|---|
| P/ с № | Пана іздеген адамның және оның отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты | Тұған күні және тұган жері | Азаматтығы | Кету елі және бұрын тұрған мекенжайы | Қазақстан Республикасына келу күні | Өтінішхатты қабылдау және тіркеу күні | Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты мекенжайы | Қабылдау жүргізген қызметкердің тегі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

Босқын мәртебесін беру туралы
 өтінішхатты тіркеу
 және қаралу ережесіне
 3-қосымша
 Нысан

(уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің атауы)

Саулнама парагы 1. Пана іздеген адам туралы мәлімет

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____
2. Жынысы _____
3. Тұған күні _____
4. Азаматтығы (бұрын тұрақты тұрған елі) _____
5. Өтінішхатты берген күні _____

2. Пана іздеген адамға саулнама жүргізу нәтижесі (пана іздеген адамға қойылатын сұрақ-жауаптардың мазмұны)

Сұрақтарды қойған кезде тізбені (Ережеге 5-қосымша) басшылыққа алу
қ а ж е т .

(Сауалнама парагының соңғы беті)

Осы сауалнама парагында _____ бет.

Мен, _____
жоғарыда жазылғандардың бәрі шындыққа сәйкес келетінін мәлімдеймін.

(пана іздеген адамның қолы)

(күні)

Мен _____ тілінде оқи алатынымды және жоғарыда жазылғандарды
толық түсінетінімді мәлімдеймін.

адамның қолы)

(күні)

(пана іздеген

Мен, _____
жоғарыда жазылғандардың мазмұнын _____ тілінен _____ тіліне
толық аударғанымды мәлімдеймін. Пана іздеген адам мені, ал мен арқылы
үәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкерін қойылған сұрақтарға
оның жауаптарының дұрыс жазылғандығын сендірді және ол жоғарыда
жазылғандармен келіседі.

аудармашының қолы)

(күні)

(

(сұрау жүргізген қызметкердің
лауазымы, қолы)

(Т.А.Ә.)

(күні)

Босқын

мәртебесін

беру

туралы

өтінішхатты

тіркеу

және

қаралу

ережесіне

4-қосымша

Нысан

Пана іздеген адамның суреті

**Пана іздеген адамды
есепке алу карточкасы**

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____
 2. Туған күні, айы, жылы _____
 3. Туған жері _____
 4. Азаматтығы _____
 5. Ұлты _____
 6. Пана іздең адамның жеке басын куәландыратын құжаттар немесе жеке басын _____
- растайтын құжаттар

(атауы, сериясы, нөмір, қашан және кім берді)

7. Отбасы жағдайы _____
8. Отбасы құрамында _____
9. Пана іздең адаммен бірге келген отбасы мүшелері туралы мәлімет:

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Тұыстық дәрежесі | Туған күні | Төлкүжаттың немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжаттың №, сериясы | Ұлты | Азаматтығы |
|---|-------------------------|------------------|------------|---|------|------------|
| | | | | | | |
| | | | | | | |

10. Қазақстан Республикасында тұратын жері және телефон нөмірі _____
11. Отбасының барлық мүшелері көрсетілген мекенжай бойынша тұра ма? Егер «тұрмаса», отбасының қай мүшесі тұрмайтыны және оның қандай мекенжай бойынша тұратыны көрсетілсін _____

12. Бұдан бұрын Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат берді ме (қайда және қашан) _____

13. Сапар бағыты _____

14. Тілдерді білуі _____

15. Мүгедектігі, оның ішінде отбасы мүшелерінде - (бар/жоқ). Егер «мүгедек болса», кім және нешінші топтағы мүгедек екені көрсетілсін

16. Әскери қызметі, қызмет өткөрген уақыты және жері, әскери атағы

17. Пана іздең адам немесе пана іздең адаммен бірге келген отбасы мүшелерінің біреуі қылмыстық жауапкершілікке тартылды ма _____ (иә/жоқ). Егер тартылса, кім, қашан, қай соттың үкімі бойынша және қандай мерзімге екені көрсетілсін _____

18. Бұрын тұрақты тұрған елі және мекенжайы _____

19. Тұрған елінен кету күні және себебі _____

20. Қазақстан Республикасында туыстары бар ма - (иә/жоқ). Егер болса, туыстық дәрежесі және олардың тұратын жері көрсетілсін _____

21. Қоныстанудың болжамды орны (қала, облыс, аудан, елді мекен көрсетілсін) _____

22. Білімі, кәсібі, оның ішінде отбасы мүшелерінің білімі, кәсібі _____

23. Партиялардағы, ұйымдардағы, топтардағы мүшелігі _____

24. Қазақстан Республикасында бұрын болды ма _____ (иә/жоқ). Егер болса, келу күні мен мақсаты көрсетілсін _____

25. Қосымша мәліметтер _____

26. Өтінішхатты қабылдаған органның атауы және қабылдаған күні _____

27. Өтінішхаттың уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне келіп түскен күні _____

28. Әңгімелесу жүргізу күні _____

29. Өтінішхаттың тіркелген күні _____

30. Пана іздеген адамның куәлігі: тіркеу № _____ 20 ____ ж. _____

Берілген күні 20 ____ ж. ____ Қолданылу мерзімі _____

Пана іздеген адамның куәлігін алдын _____

(қ о л ы , к ү н і)

Пана іздеген адамның куәлігінің қолданылу мерзімі _____ дейін

ұ з а р т ы л д ы

31. Ішкі істер органдарына жолдаманың нөмірі, беру күні _____

(карточканы толтырған қызметкердің лауазымы) (Т.А.Ә.) (күні)

Босқын мәртебесін беру туралы

өтінішхатты тіркеу

және қаралу ережесіне

5-қосымша

Әңгімелесу кезінде пана іздеген адамға қойылатын сұрақтар тізбесі

1 . Ж о л ж у р у қ ұ ж а т ы .

Пана іздеген адам (бұдан әрі - өтініш беруші) жеке басын куәландыратын құжат алу үшін билік органдарына өтініш берді ме?

Жеке басын куәландыратын құжатты қандай билік органдары берді?

Жеке басын куәландыратын құжатты қалай алды? Ақыға? Кімге?

Жеке басын куәландыратын құжат кімнің атына берілді?

Өтініш беруші осы жеке басын куәландыратын құжатпен елден еркін шыға алды ма және қай елдерге барды (елдер, болу ұзақтығы, мақсаты)?

Жеке басын куәландыратын құжатпен бірге кетуге рұқсат алды ма?

К і р у в из а л а р ы н қ а л а й а л д ы ?

Елден шығу үшін қандай құжаттар пайдаланылды (түпнұсқасы немесе қолдан жа с а л ғ а н) ?

Елден кету кезінде шекаралық бақылауда проблемалар болды ма?

Егер жеке басын куәландыратын құжат жалған болса, қайда және қашан жасады? Қолдан жасағанына ықтимал түсініктемелер.

Өтініш берушінің басқа елде тұруға жарамды рұқсаты бар ма?

Егер жеке басын куәландыратын құжат болмаса, неліктен жоқ екенін анықтау қажет. Қайда, қашан жоғалтты/жойылды? Өтініш берушіге жеке басын куәландыратын құжатты лақтырып тастауға немесе құртуға біреу кенес берді ме?

К і м ж ә н е қ а ш а н ?

Өтініш берушінің маңызды тағы да қандай сәйкестендіру құжаттары бар?

О л а р д ы қ а л а й а л д ы ?

2 . Б и л е т т е р .

Қазақстан Республикасына кіру үшін билеттер сатып алды ма?

Қайда, қашан, кім және қай көлік түріне сатып алды?

К е р і қ а й т у б и л е т і б а р м а ?

3. Азаматы болып табылатын елден (бұрынғы тұрақты жерінен) кету және Қазақстан Республикасына келу.

Азаматы болып табылатын елден немесе бұрынғы тұрақты жерінен кету күні

Бұл биліктің рұқсаты бойынша жүргізілді ме?

Шекаралық бақылауда проблемалар болды ма?

Орын ауыстыру тәсілдері және пайдаланылған көлік құралдарының түрлері, транзит елдерді, қалаларды, келу және кету күндері көрсетілген нақты бағыт

Тәуелсіздік Мемлекеттер Достастығы, Қазақстан Республикасы аумағына к е л у қ ү н і ж ә н е о р н ы .

Шекарадан қандай амалмен өтті?

Тәуелсіздік Мемлекеттер Достастығы елдерінің мемлекеттік шекарасынан

өткен кезде, Қазақстан Республикасына келген кезде құжаттарды көрсөтті межәне қандай құжаттар? Егер көрсетілмесе – неліктен?

Өтініш беруші жалғыз өзі келді ме? Жолаушылардың аттарын атауды сұрау

Өтініш беруші Тәуелсіздік Мемлекеттер Достастығы елдерінде, Қазақстан Республикасында бұрын болды ма және қандай мақсатпен?

Пана іздеген елі ретінде неге Қазақстан Республикасын таңдады?

Өтініш берушінің Қазақстан Республикасында туыстары/достары барма?

Аттары, мекенжайлары, тұруы үшін негіздеме?

Қазақстан Республикасының аумағына келгеннен кейін өтініш беруші қайда, қашан және қай билік өкіліне және қандай өтінішпен барды? Төлкүжаттық бақылауда проблемалар болды ма?

Мүмкіндігінше сапар туралы көбірек ақпарат анықтау қажет.

4. Отбасы мүшелері және жақын туыстары туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасына өтініш берушімен бірге отбасы мүшелерінің қайсысы келді?

Жақын туыстарының қайсысы саяси қызметпен айналысты?

Балаларының денсаулық жағдайы.

5. Этникалық топ.

Өтініш беруші арнайы бір этникалық топқа, тайпаға немесе рулық қауымға жатады ма? Бұның әсіресе африка елдерінен келген өтініш берушілер үшін маңызы үлкен.

Бұл этникалық топ оның елінде қаншалықты көп?

6. Діні.

Өтініш берушінің елінде діни сенімге бостандық құқығы сақталғаны ма?

Өтініш беруші қандай дінге сенеді немесе қандай діни қауымға жатады?

Ол дінге сенуші болып табыла ма?

Ол өз елінде өзі сенген дінін жасырын немесе ашық түрде уағыздады ма?

Діни себептерге байланысты қудаланды ма?

7. Қаржы жағдайы.

Өтініш берушінің жеке басының және/немесе отбасының қаржылық жағдайын отанындағы қатынастарға байланысты бағалау

Өтініш берушінің/отбасының табысы қандай болды, қандай мүлкі болды?

Өтініш берушінің Қазақстан Республикасы аумағында өмір сұру үшін қандай қаржаты бар?

8. Эскери қызметке қатысы.

Оның елінде әскери қызмет міндепті болып табылады ма?

Әскерге шақырылу жасы қандай және міндепті әскери қызмет мерзімі?

Өтініші беруші әскери қызметін өтеді ме?

Егер әскери қызметін өтесе, онда ол әскерге шақыртылды ма немесе өз

еркімен барды ма, қызмет өткерген кезеңі және жері, әскер түрі, соңғы әскери атағы, әскери мамандығы.

Ол әскери қызметін белгіленген мерзімде аяқтады ма?

Егер өтініш беруші әскерде болмаса, себебі көрсетілсін. Егер қызмет өткериуін аяқтамаса немесе әскерден қашып кетсе себептері көрсетілсін. Мұндай әрекеттердің салдарын бағалау.

9. Сотталғандығы туралы ақпарат.

Өтініш беруші бұрын қылмыстық істер үшін сот тәртібімен сотталды ма?

Егер сотталса, қашан және қандай сотта?

Судья мен прокурордың тегі.

Құқық бұзушылық сипаты және шығарылған үкім.

Жазалау мерзімі (сот үкімі бойынша және нақты өтеп шыққан) Абақтының атауы және мекенжайы, жазаны қайда өтеп шықты

Қашан және қандай себеппен байланысты босап шықты?

Қамауда болғаны туралы қандай да бір құжаттар бар ма?

Босатылғаннан соң полиция қадағалауында болды ма?

10. Отанындағы саяси ахуалды білуі және бағалауы.

Өз отанындағы саяси жүйені және мемлекеттік құрылымын сипаттау.

Елінің ұлттық туын сипаттап беруін өтіну.

Биліктегі кім?

Билік саясатына деген жеке бағасы.

Оппозициялық топтарды, партияларды, қозғалыстарды білуі, олар қаншалықты көп, олардың көшбасшылары кім және бұл топтардың идеологиясы
немесе ниестері қандай.

Оппозициялық топтар заңды/заңсыз ба?

Заңсыз баспасөздерді білуі.

Партиялардың, топтардың, қозғалыстардың қысқартылған атаулары (аббревиатуралары) өз тілінде, мүмкіндігінше халықаралық атаулармен түсіндірсін.

11. Саяси қызметке қатысуы.

Өтініш беруші саясатқа көзіл аудара ма?

Өтініш беруші немесе оның отбасы мүшелерінің ересектері тұрақты тұрган елінде қандай саяси, діни, әскери, этникалық және басқа да үйымдарда, топтарда
немесе ағымдарда болды?

Өтініш беруші партияның белсенді/енжар мүшесі болды ма, онда қанша болды? Оның лауазымы (жағдайы) және міндеті.

Бұл қандай үйым? Оның мақсаты, жұмыс істеу әдістері, саяси бағыты, құрылымы, саны, қашан және кім құрды, көшбасшылары мен тікелей басшыларының аты-жөні, әрекет ауданы, заңды/заңсыз. Өтініш берушінің үйым

қызметіне

қатысу

сипаттамасы.

Үйым қандай бір болмасын жарияланымдар шығара ма? Олардың атауын хабарласын.

Үйымның басқа мүшелерінің аты.

Отініш беруші өз іс-кимылы үшін билік тарабынан құғынға ұшырады ма?

Отініш беруші күш көрсету зорлық-зомбылығы қолданылған нәсілдік, ұлттық тектегі немесе саяси көзқарастармен байланысты оқиғаларға қатысты ма? Егер қатысса, онда бұндай оқиғалардың өзгешелігін және өтініш берушінің оған қатысу дәрежесін сипаттау.

Егер тұтқындалса, тұтқындаудың хронологиялық жүйелігі көрсетілсін және тұтқындауды қайда өтеп шықты (абақты, полиция участкесі), тұтқында болу үзактығы.

Отініш берушімен бірге неше адам тұтқындалды?

Отініш берушіге айып тағылды ма?

Саяси қызмет үшін сотталды ма? Егер сотталса, соттың аты, іс қайда қаралды, үкім мерзімі, мүмкін болса қорғаушының аты.

Тұтқында болу жағдайын сипаттау.

Босату қалай жүргізді (пара беру, сатып алу, кепілдікке, жаза мерзімінің аяқталуы)?

Босатылғаннан соң полиция қадағалауында болды ма?

Босатылғаннан кейін өтініш берушіге қарым-қатынас. Болу орны, жұмысы.

Абақтыдан, абақты көлігінен, абақты госпиталінен және т.б. қашу туралы айтылған жағдайда қашу жағдайын нақтылау қажет (Қалай қашты? Қашу үшін өтініш берушіге сырттан көмектесті ме? Қашқаннан кейін және елден кеткенге дейін өзін қалай қамтамасыз ете алды? Қай жерде болды/тұрды және ақшаны қайдан алды? Төлкүжат пен жол жүру құжаттарды қалай алды?).

Қазіргі кезде өтініш беруші іздестірілуде емес пе? Не үшін?

Іздеуде екені өтініш берушіге қайдан белгілі?

Отініш беруші адвокатпен немесе адам құқықтары жөніндегі ұйыммен байланыста ма? Олардың есімдері және мекенжайлары, және ол бұл байланысқа қалауды кірді?

12. Тұрақты тұру елінен кету себептері.

Отініш берушінің елден кету себептерін айтып беруді сұрау (бұрын болған тармақтарға сүйенуге болады).

Оны іздестіруден қорқатындығы туралы ақпарат алу маңызды.

Отініш беруші қудалаудың/зорлық-зомбылықтың қандай түріне ұшырады, оны елден кетуге мәжбүрлеген деректер көрсетілсін (күш көрсету зорлық-зомбылығы, үйді тінту, кәсіптік тыйым, басқа да мәжбүр етулер, қауіп-қатерлер).

Өтініш берушіге немесе оның отбасы мүшелеріне жасалған зорлық-зомбылықтар/қудалау уақыты және орны, кім орындағы? Хронологиялық тәртіпте толығырақ сипаттап беруін сұрау.

Мүмкін болса осыны дәлелдейтін кез келген құжатты көрсектін.

Өтініш берушінің ойынша бұндай әрекеттердің жасалуына не себеп болды?

Іздестіруге ұшыру қорқынышы туралы өз сенімін өтініш беруші немен растай а л а д ы ?

Өтініш беруші отанына қайтып барғысы келе ме? Егер қайтып барғысы к е л м е с е н е с е б е п т е н ?

Өтініш берушінің ойынша егер ол отанынан қайтып барса не болуы мүмкін және неліктен? Негізделген себептерді атауын сұрау.

Өтініш берушіге өз елінің билігі қайтып баруға рұқсат берे ме? Неліктен береді н е м е с е н е л і к т е н б е р м е й д і ?

Қайтып барған жағдайда қауіпсіздік қатері бар? Егер болса, нақты себептер к е р с е т і л с і н .

12а. Кәмелетке толмаған өтініш берушілер үшін кету себептері туралы сұрақтар .

Қалай/неліктен жас өтініш беруші өз ата-анасынан/отбасынан ажырады?

Б ұ л қ а ш а н б о л д ы ?

Ол өз еркімен кетті ме немесе өз еркінен тыс жөнелтілді ме? Оның ата-анасы оны отанынан кеткені туралы біле ме, ол қандай да бір нұсқау алды ма? Қандай н ұ с қ а у ?

Қашан және қандай жағдайларда өтініш беруші өз ата-анасымен/отбасымен ба й л а н ы с т а б о л д ы ?

Жас өтініш беруші ата-анасын (басқа жақын туыстарын, отбасы мүшелерін) тірі деп есептей ме? Егер ол оларды қайтыс болған десе, оның бұл үшін қандай н е г і з д е м е л е р і б а р ?

Отбасынан кеткеннен кейін өтініш беруші бірінші қайда барды?

Өтініш беруші ата-анасынан/отбасынан кеткеннен кейін тұрған жерін сипаттап беруді, ұзақтығын сұрау.

Өтініш беруші бұрын өзі немесе отбасымен отанын тастанап кетуді байқады ма ?

Қазақстан Республикасына келе жатқанда өтініш берушіге кім қамқорлық көрсетті, оның аты және туыстығы/басқа да қатынастары? Олар бірін бірі бұрын б і л д і м е ?

Қазіргі кезде олардың қарым-қатынасы қалай?

Кәмелетке толмаған өтініш берушінің отанынан кетуге ең басты себеп не?

Өтініш беруші немесе оның жақындары іздестірлді ме? Қалай және қандай с е б е п т е р м е н ?

Қазақстан Республикасына келе жатқанда қандай ерекше қындықтар болды?

13. Отанында және басқа елдерде байланысы
Отанымен байланысу мүмкіндіктері, туыстарының болуы, туыстық дәрежесі,
олардың мекенжайы және телефоны.

Қазақстан Республикасында және басқа елдерде туыстары немесе
отандастары бар ма? Олардың босқын мәртебесі бар ма (өтінішхат берді ме)?
Олардың мекенжайлары және телефоны.

Өтініш беруші басқа елдерге немесе халықаралық ұйымдарға пана беру
немесе босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат берді ме? Егер берсе, берген
күні, кімге және нәтижесі қандай?

Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы
комиссарының басқармасының босқыны деп танылды ма? Егер танылса, қайда,
қашан және Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасының
қандай органы тарапынан? Бұл тануды растайтын құжат бар ма?

Қазақстан Республикасында босқын деп танылудан бас тартқан жағдайда,
өтініш беруші қай елге (елдерге) кете алады және неліктен (басқа елдегі
туыстары, басқа елге кету мүмкіндігінің болуы, өзгеде мүмкіндіктер)?

Қандай да бір халықаралық немесе ұлттық ведомстволарда тіркелді ме? Егер
тіркелсе, толығырақ айтын.

Өз елінің елшілігінде, консулдығында немесе басқа да өкілдікте тіркелді ме?
Егер тіркелсе, егжей-тегжейлі нақтылау.

Босқын мәртебесін беру туралы
өтінішхатты тіркеу
және қаралу ережесіне
б-қосымша

(уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің атауы)

20 — . ж. — — — № — — —

(мемлекеттік денсаулық сақтау органның атауы)

**міндетті медициналық тексеруге
Жолдама**

азаматы/азаматтығы жоқ адамы
(м е м л е к е т т і н а т а у ы)

(тегі, аты, әкесінің аты)
туған күні _____

Пана іздеген адамның жеке басын күэландыратын немесе жеке басын дәлелдейтін құжаттар _____
(атауы, сериясы, нөмір, қашан және кім берді)

келген

(м е м л е к е т т і н а т а у ы)

Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін алу туралы өтінішхат беруіне байланысты міндетті медициналық тексеруден өтуге жіберіледі.

Б а с ш ы

(уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі) (қолы) _____ (Т.А.Ә.)

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК